

Сербия Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 850 қаулысы

Сербия Республикасындағы жағымсыз табиғи құбылыстар салдарынан болған әлеуметтік-экономикалық ахуалға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Сербия Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтар броньнан шығарылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі ізгілік жүкті Сербия Республикасына межелі пунктіне дейін тасымалдау және жеткізу үшін жылжымалы құрамды уақтылы беруді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар, Қаржы, Көлік және коммуникация министрліктері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ресми ізгілік көмекті алушыны айқындасын және оны көрсету жөніндегі шараларды үйлестіруді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2014

жылғы

31

шілдедегі

№

850

қаулысына

қосымша

Сербия Республикасына ресми ізгілік көмек көрсету үшін шығарылатын материалдық құндылықтардың тізбесі

р/с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны
1	2	3	4
1	Суға арналған ыдыс	дана	42
2	Жиналмалы металл төсегі	дана	1 000
3	4-орынды жазғы палаткалар	дана	170
4	Жастық	дана	2 500

5	Ақжайма	дана	5 000
6	Жастық тысы	дана	2 500
7	Матрас	дана	2 500
8	Асханалық шәйнек	дана	340

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК